

Консультациялық пункттің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық есебі

2025–2026 оқу жылы барысында консультациялық пункт жұмысы мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық дамуын қолдау, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ бала тәрбиесі мен қарым-қатынасты жақсарту мақсатында ұйымдастырылды. Жұмыс жоспары жылдық жоспарға сәйкес құрылып, бекітілді. Консультациялық пункт қызметі ата-аналармен, балалармен және педагогтармен жүйелі түрде жүргізілді.

Негізгі бөлім бойынша құжаттармен жұмыс жүргізілді. Тамыз-қыркүйек айларында консультациялық пункттің жылдық жоспары құрылып, бекітілді, кеңес беру журналы; тіркеу журналы жүргізілді. Барлық құжаттар талапқа сай рәсімделіп, жыл бойы толықтырылып отырды.

Ата-аналарға кеңес беру жұмыстары бойынша жыл бойы ата-аналарға бала тәрбиесі мен ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында жеке және топтық кеңестер, психологиялық-педагогикалық ұсыныстар берілді. Кеңес беру барысында ата-аналар белсенділік танытып, өздерін толғандырған сұрақтарға толық жауап алды.

Дарынды және гипербелсенді балалармен жұмысы бойынша Желтоқсан айында дарынды және гипербелсенді балалармен элеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізілді, тренингтер мен терапиялық жаттығулар ұйымдастырылды. Нәтижесінде балалардың зейіні, қарым-қатынас дағдылары және өзін-өзі реттеу қабілеттері жақсарды.

«Бала тұлғасын қалыптастыруға ата-ана ұстанымдарының әсері» тақырыбындағы жұмысы бойынша Қаңтар айында ата-аналармен әңгімелесу, сұхбат, сұрақ-жауап форматында жұмыс жүргізілді. Ата-аналар бала тәрбиесіндегі өз рөлін түсініп, дұрыс бағытта әрекет ету бойынша ұсыныстар алды.

Дамытушы ойындар бойынша жұмысы бойынша Ақпан айында «Баламен ойнай білесіз бе?» тақырыбында ата-аналар мен балаларға арналған ойындар ұйымдастырылды, үй жағдайында қолдануға болатын дамытушы ойындар ұсынылды. Бұл жұмыс ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтуға ықпал етті.

Баланы балабақшаға дайындау бойынша Сәуір айында ата-аналарға баланы балабақшаға дайындау, бейімдеу кезеңін жеңілдету бойынша жеке кеңестер берілді. Жұмыс бойынша меңгеруші, әдіскер және психолог қатысып, кешенді көмек көрсетілді.

Балабақша өміріне қатысу бойынша жыл бойы балалар балабақшаға экскурсияларға, мерекелік іс-шараларға,

ертеңгіліктерге қатысты. Бұл ата-аналардың балабақша өміріне деген қызығушылығын арттырып, ынтымақтастықты күшейтті.

Қорытындылай келе жылдық жоспарға сәйкес консультациялық пункт жұмысы толық көлемде жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығы артты, балалардың бейімделу деңгейі жақсарды, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас нығайды, педагогтар мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық күшейді. Алдағы оқу жылында консультациялық пункт жұмысын жетілдіру, жаңа әдістерді енгізу және ата-аналармен жұмысты одан әрі жандандыру жоспарлануда. Ата-аналарға арналған тренингтер санын көбейту, онлайн кеңес беру форматын енгізу, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмысты күшейту, психологиялық алдын алу шараларын жүйелі түрде жүргізу ұсынылды.

Балабақша психологі: Файзолла Г.Қ